

# АРШАЛЫ АЙНАСЫ

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ  
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

Бизнес

## Кәсіпкерлерге көмек

Аршалы кентінде маңызды оқиға. Ауданның барлық тұрғындары үшін, әсіресе өз кәсібін бастамақ болған, қазіргі таңда кәсібін дамытпақ болған жандарға арналған орталық жұмысын бастады. Орталықтың салтанатты ашылу сәтіне аудандық мәслихаттың хатшысы Ю.К.Сериков және аудан әкімі аппаратының басшысы Ә.К.Балташев қатысты. Орталықтың ашылуымен құттықтап, қадамының мықты болуын тіледі. Аршалы аудандық сотының судьясы М.А.Әміров өз кезегінде бұл орталықтың жұмысының маңызды болатынын, сауатты кәсіпкерлердің ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосар үлесінің мол болатындығына тоқталып, қуанышты сәтпен баршаны құттықтады. Орталық директоры Р.С.Оспанов бұл орталықта кәсіпті ашу, дамыту бойынша қажетті кеңестерді алуға болатынын, құқықтық сауалдарға жауап алуға болатынын, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының шеңберінде қажетті кеңестерге ие болатындарын, тегін бизнес мектептерінде сауат ашып, алғашқы кәсіптің



қыр-сырын игеруге болатындығын айтты. Орталық штабында үш кеңесші жұмыс жасайды. Қызмет қазақ тілінде және орыс тілінде беріледі. Орталықтың беретін дәрісі қашан да құнды. Бұл әрбір кәсіпкер үшін таптырмас құрал, даму барысындағы айқын бағыт. Суретте: аудан орталығындағы кәсіпкерлерді қолдау Орталығының ашылу салтанаты



Адам және заң

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ БАСЫМДЫ МІНДЕТТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Қазіргі таңда қоғамда мемлекеттік қызмет қоғамдық өмірінің экономика, мәдениет, саясат пен әлеуметтік барлық салалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік институт болып табылады.

Реформалаудың күшейтілген процесстердің нәтижесінде, соңғы 20 жылдың аралығында Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесі мен қоғамдық саяси құрылысынан тікелей байланыстағы өзінің спецификасы мен ерекшелігімен мемлекеттік қызметтің ұлттық моделі құрылған болатын.

Аталған өзгерістердің ерекшелігі, әкімшілік жүйесінің толыққанды реформалауымен қатар басқарудың ескірген механизмдерін жою процесстеріне ұласып кетті.

Осыған орай, жаңа шындық көздері мен елдің стратегиялық міндеттеріне бейімделген мемлекеттік жүйесінің қалыптасуы көздей түсті.

Мемлекеттік қызмет жүйесінің әрі қарай реформалаудан қалуы әлеуметтік-экономикалық жаңғыртылуы мен саяси демократизациялау процесстерінің едәуір тежеуінің мүмкіндігін жоққа шығармайды, мемлекеттік қызметтің конкурстық-мансаптық түріне көшу іске асырылған жерде кадрларды басқару және мониторинг процесстерінде жаңа технологияларды пайдалану белсенді енгізіледі, яғни «Е-қызмет» бірыңғай жүйесіне кіру, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру, тұрақты түрде оқыту тетіктердің болуы.

Осыған орай, жаңадан құрылған мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің басты мақсаты мемлекеттік қызмет жүйесінің қазіргі таңдағы жағдайына талдау жасау, оны жетілдірудің перспективті бағыттары мен жалпы сипаттамасын, дамудың

проблемалық аспектілерін анықтау, мемлекеттік аппараттың оңтандыру мен тиімділігін арттыру бойынша ұсыныс жасау, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейту мен әлеуметтік мәртебесін көтеру, әрі мемлекеттік қызмет сапасын арттыру бойынша халықаралық бақылау мен менеджмент жүйелерін енгізу болып табылады.

Мемлекеттік қызметтің әлеуметтік мәртебесі тұрғын халықтың басқару органдарына сенім деңгейімен тікелей байланыста, осы, өз кезекпен мемлекеттік органдарымен қызмет көрсету сапасымен есептеледі.

Осыдан бұрын уәкілетті органның тарапынан мемлекеттік қызметтің жұмыс істеуін демократияландыруына нақты қадам жасалғаны мәлім.

Мемлекеттік қызметшілердің бастамасы бойынша «Қазақстанның мемлекеттік қызметіне демеу көрсету ассоциациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылған болатын және «Жігер» жас мемлекеттік қызметшілер клубы да өз қызметін атқаруда.

Аталған бағыттағы оң нәтижелерге қол жеткізгеніне қарамастан мемлекеттік қызмет жүйесі толыққанды әлемдік стандарттарына әлі де сай емес.

Біріншіден, мемлекеттік қызмет жүйесі алдында лауазымдық құзыретті іске асыруда жариялықты, сонымен бірге азаматтық қоғам институттары алдында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметтің ашықтығы мен бақылауды күшейтуді талап етуде.

Екіншіден, партиялық емес ұйымдарының желілері арқылы мемлекеттік функциялардың бір бөлігін жекеменшік секторының бәсекелесті ортаға тапсыру бойынша жұмыс жалғастыра түсетін болады. Осымен, мемлекетке тән

емес функцияларды азаматтық секторына тапсыру арқылы мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара әрекеттесуі кеңейтіліп, тереңдете түседі.

Қазіргі таңдағы мемлекеттік қызметтің жүйесі халықаралық мемлекеттік қызмет жүйесінің реформалау тәжірибесі бойынша жеке мемлекеттік қызметшінің сіңірген еңбегі мен іскери қасиеттерді есепке ала отырып, іріктеу және мансаптық сатысы бойынша жоғарлатуды көздейтін меритократия қағидасы негізінде құрылуда. Осыған байланысты, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына нақты бір өзгерістердің енгізілуі талап етілетіні анық.

Осыған орай, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Ақмола облысы бойынша Департаменті, нақтырақ, құқықтық қамтамасыз ету бөлімі азаматтық қоғам институттарымен өзара әрекеттесу және жұртшылықпен қатынас орнату мақсатында «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңды жетілдіру бойынша, сондай-ақ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобаларына қоғам тарапынан ұсыныстар енгізілуі қажеттілігі туралы хабарлайды.

Өз ұсыныстарыңызды Департаменттің: anticorruption1494@mail.ru. және akmzankyzmeti@bk.ru электрондық мекенжайына жолдауды немесе анықтама үшін 8 (7162)29-65-70 бөлім телефоны арқылы хабарласуды сұрайды.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Ақмола облысы бойынша Департаменті құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің кеңесшісі

ЖҮНІСОВА АЙГҮЛ.



№18 (445)  
24 СӘУІР,  
ЖҰМА,  
2015 ЖЫЛ

## МЫЛТЫҚ ПЕН ҚАЛАМ ҰСТАҒАН



Кезінде соғыс зардабын көрген адамдардың басым бөлігі бұл жарық дүниеден өтіп кеткенмен, ерлік істері ұрпағының есінде. Ал қазіргі таңда майдан шебінде жаумен алысып, жеңіс күнін жақындатқан ардагерлеріміздің көздері тірісі тоқсан жасқа жетіп, одан да асып қалған құрметті қариялар. Олардың айтарлары мол, көкіректері толы сыр, көздерінде сонау соғыстың ауыр мұны мен қазіргі бейбіт елінің бақытты шағына тәубе деген ризашылық тұр. Күнделікті теледидардан беріліп жатқан хабарларға қарап отырып, сонау соғыс жылдары қолдарына мылтықпен қатар қалам, қағаз алып жүріп, соғыстың әрбір сәтін газет беттеріне түсіре білген жазушы-жауынгерлер туралы мәлімет көп екендігін білдік. Қандай ерлік, қандай төзімділік, қандай жігер десенізі. Шама-

26 сәуір – Қазақстан Республикасы Президентін сайлау күні! Сайлау-дауыс беруге жасы толған азамат пен азаматшаның жауаптылықты сезінетін күні. Сіздің дауысыңыз маңызды, Сіздің дауысыңыз шешуші екендігін ұмытпай өз учаскенізге дауыс беруге келіңіз!

лы ғана демалыс, толас бола қалған кезді пайдаланып, майдан шебінде мақала жазу үшін ұшқыр ой, таза сана, көрегендік керек екенін біреуіміз білсек, біріміз білмейміз. Ажал төгіп тұрған ортада ойынды жинақтап, ел оқитын туындыны дүниеге әкелудің қаншалықты қиындығын қолына қалам ұстаған әрбір жазушы, журналист жақсы білетіні анық. Ал қазіргі таңда көптеген аты белгісіз кеткен жауынгерлердің, олардың мекенжайын, сонау соғыс жылдары жасаған ерлік істерін сол кезде шыққан газеттердің сарғайған парақтарынан іздеп тауып, жарыққа шығарып жатыр екен. Бұл отан үшін от кеше жүріп, қолдарынан қалам түспеген жазушы жауынгерлердің маңызды тірлігі, өшпестей із қалдырған ерлік істері деп білемін. Қарумен жауына оқ атса, қаламмен отандастарына жігер берген жандарға мың тағзым.

Д. АЙТПАЕВ,

ҚС Ж АЕЖК –нің Астана қаласы бойынша басқармасы аға прокуроры

## Көненің көзі, ескінің сөзі

Біз бақыттымыз! Біздің бақытты өмір сүріп жатқанымыз, бейбіт өмірде күліп жүргеніміз соғыс ардагерлерінің, тылда жұмыс істеп отбасын аман сақтап қалған ардагер аналарымыз бен әкелеріміздің арқасы. Солардың ерлік еңбегі халықты аштықтан, зорлық зомбылықтан алып шықты.

Быыл Ұлы Жеңіске 70 жыл толды. Бұл үлкен қуаныш, үлкен бақыт. Тымақты жоғары дақтырып, тойлайтын заманымыз. Егемен ел болып, елдігімізді мықтап, іргемізді нықтадық. Егемен елдің ел болуына Елбасымыздың ерлігі, әрбір қарақөз пенденің ой санасында, жүректерінің түбінде сақталып қалу керек.

Осыған орай «Батырлар атымен соғыс бізді толқытады» атты аудандық деңгейдегі ардагерлермен кездесу іс – шарасы сәтті өтті. Оны - біздің мақтанышымыз, балалар шығармашылық Орталығының қосымша білім беру оқытушысы, тарихи – өлкетану мұражайының жетекшісі Таисия Максимовна Коростелева жоғары дәрежеде ұйымдастырып өткізді. Осы кездесуге соғыс ардагері, ауданымыздың құрметті азаматы - Беляев Георгий Семенович, фронт санитары болған - Любарская Анна Петровна, еңбек ардагері, ауданымыздың құрметті азаматы - Огилко Иван Григорьевич

шақырылды. Константиновка мен Михайловка ауылдарындағы мұражай жетекшілері оқушыларымен осы кездесуге қатысты.

Ардагерлердің өмірбаяны кездесуге келген әрбір оқушыға ой салды. Олардың ақыл кеңестері қазіргі кезде әр баланың тәрбиесіне, санасына әсер етсе нұр үстіне нұр болар еді. Қазақта «қарты бар үй - қазына» деуші еді. Қарттарымыз жылдан жылға азайып барады. Менің бұл мақаланы жазу себебім, осы кездесуді ұйымдастырған Таисия Максимовнаға үлкен рахметімізді жолдау үшін жазып отырмыз. Ол аудан оқушылары мен ардагерлерді кездестіріп, таныстырды. Оқушылар олардың өмір жолымен танысты. Бұл дегеніміз біз үшін үлкен қуаныш болды. Михайловка ауылында тұратын соғыс ардагерімен кездесу, жүздесу, онымен бетпе – бет сөйлесу есте мәңгі қалатын жайт. Естелік үшін суретке де түстік. Кейбір оқушылар қолтаңбасын алып жатты. Осындай ерлік сабағын ұйымдастырғаны үшін, орталықта арнайы мұражайда талай құнды деректерді сақтап келе жатқандығы үшін Таисия Максимовнаға мың алғыс. Мұндай кездесу енді қашан болатыны белгісіз. Сол үшін де әрбір үйде қарты болса, қадірін білсін, ақыл кеңесін есте сақтап, жадында тұтсын дегіміз келеді.

БШО ұжымы баспасөзі

Акция

## «МӘҢГІЛІК БАТАЛЬОН»

Құрметті аршалылықтар! 9 мамыр күні аудан орталығында Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 70 жыл толуы салтанатында алғаш рет «Мәңгілік батальон» шеру жасайды.

«Мәңгілік батальон» қатарында қалаған жан бола алады. Ол үшін соғыс кезіндегі өзінің солдаттың, соғыс ардагерінің А4 форматтағы суретін алып келуі керек. Суретті жасату үшін «БИНН» фотосалонына ұсыныс жасаңыз. Мекенжайы Астана көшесі 19. «Мәңгілік батальон»

қатарында соғыс қаһарманы, жеңісті жақындата түскен қайсар батыр туыстарының, жақынының, танысының бейнесі болғаны қандай бақыт. «Ерлікті жасағаннан, ескерілмей қалғаны заман». Парызымызды орындайық.

Акцияға қатысушылардың жиналу уақыты 9 мамыр «Мақсат» дүкенінің алды. Өтініштер 8 мамырға дейін қабылданады. Асығыңыздар. Анықтама телефондары: 2 -12-82; 2-12-81.

26 сәуірде Чернобыль АЭС апатының орын алғанына 29 жыл болады

## БҰЛ ЖАҒДАЙДЫ ҰМЫТУ МҮМКІН ЕМЕС...

Сәуір айының соңы... Көктемнің көгілдір күні көңілге шуақ шашып, жылы лебі қуанышқа толтырып, жан-жағымыз жайнап келе жатқан еді. Адамдардың барлығы 1 мамыр мерекесіне дайындалып жатқан. Алайда сол жылы, 1986 жылдың сәуір айының 25-нен 26-на қараған түні сағат 1.32 минутта Чернобыль АЭС - ның төртінші блогында жарылыс болды. Бұл залал кезінде Хиросима мен Нагасакиге тасталған бомбаның күшінен 50 есеге артық болғандығынан хабардар болдық. Қаншама адам зардап шегіп, қиыншылыққа тап болды десенізі!

Апаттың кесірінен қираған қаланы орнына келтіруге жан-жақтан жарты миллионға дейін солдаттар, әскери жандар, олардың ішінде 30 мыңнан астам қазақстандықтар жіберіліп, көмек көрсетті. Алайда қираған жерде тазалай жүріп, өзінің денсаулығына үлкен қатер төндірген жандар айықпас дертке шалынып, өмір бойы аурудың құрсауында қалды. Аудан аумағында бүгінгі таңда чернобыль апатына көмек берген 65 жерлесіміз бар, олардың 58-і мүгедектікке шығып отыр. Сонда да шамалары келгенше еңбек етіп, қоғамдық жұмыстардан да қалайы келеді. Олардың ішінде Владимир Владимирович Ерисов, Николай Геннадьевич Ковалев Түрген



ауылынан, Виктор Николаевич Склярлов Донецк селосынан, Валерий Петрович Ярмоликич, Александр Михайлович Табашников, Геннадий Турсунович Халимбаев, Николай Германович Рангно Аршалы кентінен және басқалары. Қазір бұл жандар соғыс ардагерлерімен теңесті, жеңілдіктерге ие болып отыр. Бүгінгі ұрпақ бұл апат туралы естігенімен сезінбейді де, сезбесін де. Бейбіт өмір болсын. Ал сол кезде денсаулығын ортаға салған замандастарыма мықты болындар, денсаулықтарын көп сыр бермесін, жайлы өмір сүріндер, шаңырақтың бақытына бөленіндер дегім келеді.

А. УХНАЛЬ, Чернобыль ардагерлерінің аудандық бірлестігінің төрағасы





## АРШАЛЫ

Сөзі мен әні:  
Мошкеш Аршагул

*Арманның асқарын нұрлы елім аңсадың,  
Жасампаз халықсың ұрпаққа қалса әнің.  
Көркейіп гүлденсін, жайнасын өлкеміз,  
Береке бақ қонған арайлы Аршалым.*

**Қайырмасы:**

**Жалынды құшақпен қарсы алған баршаны,  
Жақұтым кең өлкем бақытым Аршалы.  
Байлық мол жеріңнен ақ бидай төгілген Аршалы,  
Айналдым құт мекен төріңнен Аршалы.**

*Өнеге өзгеге киелі салтымыз,*

*Дәстүрін сақтаған ардақты халқымыз.*

*Достықтың жарасқан әуезді әуені,*

*Мерейі үстем боп тасыған даңқымыз.*

**Қайырмасы:**

*Қасиет сездірген ақ бауырсақ, ақ дәмі,*

*Ырысты молайтып, бақ берген ақ дәні.*

*Жасасын өркендеп, нұрлы өлкем Аршалы,*

*Шаттықпен толықсын арайлы ақ таңы*



Қазақ халқы әр қилы тари-  
хи тауқыметті  
бастан өткізген  
кемеңгер  
халық. Елін,  
жерін, Отанын  
ішкі сыртқы жа-  
удан қорғап, кең  
байтақ  
жерді, сайын  
даланы,  
әдет-ғұрып,  
салт-сананы  
ұрпақтан-  
ұрпаққа аманат етіп жеткізді.  
Сол аманатқа қиянат жасамай,  
ата-бабаның салып берген сара  
жолын жалғастырушы біз, жа-  
стар еліміздің одан әрі көркеюіне  
өз үлесімізді қосу азаматтың  
борышымыз. Ол үшін Отанын  
сүю, туған жерін, елін жан-  
тәнімен сүйе білу Қазақстанның  
әр азаматының қанында сіңген  
қасиет болу шарт. Міне кез-келген  
әрбір азамат өз Отанының патри-  
оты болуға міндетті. Отанының  
көркейіп, дамуына әр адам өз  
қабілет-қарымына сай елеулі  
еңбек жасап, өзінің сүбелі үлесін  
қосатын болса мен де Отан анам  
Қазақстанға теңіздің тамшысын-  
дай болса да өз үлесімді қосып,  
абыройлы еңбек жасап келемін.

Маған табиғаттың берген та-  
маша сыйы-ақындық өнер. Жа-  
стайымнан өлең жазуға құштар  
болып, әр түрлі тақырыпта  
өзімнің Отанға, елге, тәлім-  
тәрбиеге, сөз өнеріне деген  
ерекше сүйіспеншілігімді осы  
өлеңдерім арқылы жеткізіп  
келемін.

Осындай өлеңдерімнің бірі-  
сиясы кеппеген, туған өлкем,  
құт мекенім-Аршалыға арналған.  
Бұл өлеңнің шығу себебі, әр-  
ақын ең әуелі өзінің туып өскен  
табиғатын жырлаған. Мен өз  
басым Аршалыда туып, өспесем  
де мен үшін құшағын ашқан құт  
мекен Аршалы топырағында  
алғашқы қызмет жолым ба-  
сталып, осы күнге дейін еліме  
абыройлы еңбегімді сіңіріп  
келемін. Азды-көпті еңбегімді  
бағалап, алақанына салып  
аялаған, өмірге, өнерге баптаған  
Аршалыма ән-жыр арнамау мен  
үшін сын деп ойлаймын. Аршагул  
деп қойылған есім әуелі бастан-

ақ Аршалымен тағдырымның  
сабақтасатындығын  
сездіргендей.

Әр өлкенің өзінің мәртебесін  
асқақтатқан әні, әнұраны бар.  
Сондықтан да біздің Аршалы  
ауданының мәртебесін көтеретін,  
жетістігін паш етіп, өзгелерге  
танытатын әнұраны іспетті әні  
болса деген арман-осы әннің  
жарық көруіне түрткі болды.  
Бұл өлеңнің бірінші-шумағында  
Аршалының гүлденіп, көркейе  
беруіне ұрандап, жастарды  
өлкенің өркендеуіне үлес қосуға  
шақырады. Қайырмасында Арша-  
лы ауданының көп ұлттардың тату-  
тәтті өмір сүріп жатқан берекелі  
құт мекені екендігі, сондай-  
ақ, жерінің ақ бидайы мол  
байлығы, дән-дәулеті жырлана-  
ды. Екінші шумағында көп ұлтты  
халқымыздың әдет-ғұрып, салт-  
дәстүрінің тұтасып, бір-  
жағадан бас, бір жеңнен қол  
шығарып жатқан бірлігін  
паш етеді. Үшінші шумағы  
еліміздің, Аршалымыздың ыры-  
сы мен береке-бірлігі одан әрі  
молайтып, болашағы жарқын  
болсын деген ниетте жазылған.  
Әннің мәтіні өзге ұлт өкілдеріне  
түсінікті болу үшін ресми тілде  
аударма жасалып ұсынылып  
отыр.

Бұл ән Аршалы туралы  
жазылған алғашқы ән. Әннің  
сөзі де, әні де өз жанымнан туған  
төл туынды. Ал музыкамен  
көркемдеген ауданымыздың  
өнерлі азаматы, Аршалы ауданы  
музыкалық мектебінің  
директоры-Ержан Қорғанбек.  
Бұл туындының тари-  
хи маңызы болды деп  
есептеймін, себебі, қазіргі  
таңдағы өзекті саяси науқан-  
Елбасы сайлауының тұсында  
туған, бұл өлең Елбасымызға  
қолдау, Аршалы жұртына  
сайлауға үлес қосуға үндеу  
болары сөзсіз. Алдағы уақытта  
бұл ән-Аршалының мәртебесін  
асқақтататын әнұраны болады,  
көпшіліктің көңілінен жол та-  
бады деп сенемін.

**А. МОШКЕ,**  
**Аршалы ауданы мәслихат**  
**депутаты Абай атындағы**  
**орта мектебі оқу ісі**  
**менгерушісі.**

## БРУЦЕЛЛЕЗДЕН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР

### Бруцеллез – тірек-қимыл аппаратының, жүйке, жыныс және басқа да жүйелердің зақымдалуымен сипатталатын ауру.

Бруцеллалар сыртқы ортаға төзімді. Суды олар 2 айдан астам, сүтте – 40 күн, ірімшікте – 2 ай, шикі етте – 3 ай, тұздалған азықта – 30 күнге дейін, теріде – 4 айға дейін сақталады. Бруцеллалар қыздырғанда және көптеген зарарсыздандырығыш құралдардың әсерінен өледі.

Науқас адамнан сау адамға бруцеллалар берілмейді. Жұқпаның сақталатын орны мен көзі үй жануарлары болып табылады (қой, ешкі, сиыр, шошқа, сирек жылқы).

Адамның науқас жануарлардан жұқпа жұқтыруы байланыс, тамақ және ауа жолдарымен болады. Байланыс жолымен жұқтыру әсіресе ұрық қасындағы сұйықтықтың теріге түскен кезінде жиі болады (малдың төлдеуіне көмектескенде, жаңа туған мал төлдеріне күтім жасағанда). Көбінесе ветеринарлық жұмысгерлер, шопандар және т.б. жұқтырады. Жұқтыру жұқпаланған жануарлардың еті, тезегі арқылы да болады. Бруцеллалар терінің кішкене жырымдалған жерлері арқылы енеді. Тамақ арқылы жұқтыру көбінесе шикі сүтті, сондай-ақ сүт өнімдерін (ірімшік, сүтсірне, май, қаймақ) тұтынғанда болады. Ауа жолымен жұқтыру тыныс жолдарына құрамында бруцелла бар шанның (мал бағатын және қамайтын орындарда) түсуімен, сондай-ақ зертханаларда қауіпсіздік техникасы бұзылғанда болуы мүмкін. Жұқтырудың бұл жолы

өте сирек кездеседі. Көбінесе еңбекке жарамды жастағы адамдар ауырып жатады (18-50 жас). Көп жағдайда бұл кәсіптік ауру.

**Бруцеллез қалай әйгіленеді**

Жұқпаның қақпасы терінің шағын жарақаттары, асқорыту ағзалары мен тыныс жолдарының сілемей қабықтары. Жұқпа қақпасы жерінде қандай да бір өзгерістер дамымайды. Бруцеллалар лимфа жолдары арқылы лимфа түйіндеріне жетеді. Бруцеллез кезінде микробтардың көбеюі және үйілуі басым жағдайда лимфа түйіндерінде болады. Одан бруцеллалар ақырындап қанға түседі. Бруцеллез созылма ағымға бейім болуымен ерекшеленеді. Бұл бруцеллалардың организмде ұзақ болатынымен байланысты. Бруцеллезді бастан кешіргеннен кейін иммунитет қалыптасады, бірақ ұзаққа емес әрі 3-5 жылдан кейін бруцеллалар қайта жұтуы ықтимал. Бруцеллездің жіті бастамасында аурудың жасырын кезеңі 3 аптаның маңайы болады, алайда жасырын кезең бірнеше айға созылуы мүмкін.

Жіті түрі қатты қалтыраумен сипатталады (39-40С және жоғары). Жоғары және өте жоғары температураға қарамастан, науқастың көңіл күйі қалыпты болады (39С температурада науқас кітап оқи, шахмат ойнай, теледидар көре алады).

Созылма түрі жалпы уыттану синдромымен сипатталады (әлсіздік, бас ауы-

руы). Жалпы белгілеріне ұзаққа созылған жоғары емес температураны, әлсіздікті, жоғары қозғыштықты, нашар ұйқыны, табеттің бұзылуын, жұмысқа деген қабілеттің төмендеуін қосып қоюға болады. Науқастардың барлығында дерлік лимфа түйіндерінің үлкеюі байқалады. Бұл жағдайда буындардың, жүйке және жыныс жүйелерінің зақымдануы байқалады.

Тірек-қимыл аппаратының зақымдануы созылма бруцеллездің ең жиі әйгіленісі болып табылады. Науқастар бұлшықеттері мен буындарының сырқырауына шағымданады. Буындар ісінеді де, олардың қозғалысы шектеледі.

**Бруцеллез бүгінде емделетін дерт, бірақ оның алдын алу оңайырақ. Бұл үшін мына ережелерді сақтаған жөн:**

- бруцеллезбен ауыратын жануарларға жоламау. Оларды жайлау қажет болғанда жекебас гигиенасы ережелерін қатаң сақтап, арнайы киім кию.

- қолданыстағы ветеринарлық заңнамаға сәйкес өз малын бруцеллезге тексерту.

- тек пісірілген немесе пастерленген сүтті тұтыну.

- етті жетерліктей термиялық өңдеуден өткізгеннен кейін тұтыну.

- мал суарылатын орындарда шомылау.

Аршалы аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының бас маманы **А.РЫПАЛЕВА**

## Округ тынысы

### Волгодонов селолық округіндегі «Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасы бойынша жүргізілген жұмыс туралы.

«Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасының үшінші бағыты бойынша: оқыту арқылы жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу, 2014 жылы мамырда мектеп бітіруші түлектермен әнгімелесулер өткізілген болатын, 11-сынып 1-ші бітіруші түлек Лях Влада Көкшетау қаласына оқуға түсіп, бухгалтер мамандығы бойынша оқиды. Елеуов Госман Шучинск қаласында ақпан айында эколог мамандығы бойынша оқуын аяқтады.

Тірек ауылдарды дамыту және кәсіпкерлік дамыту арқылы жұмыс орындарын құру: екінші бағыт бойынша жеке кәсіпкерлермен кездесулер өткізілген. ЖҚЖК – 2020 екінші бағыт бойынша желтоқсанда бизнесті кеңейтуге В.А.Гусев 3000000 теңге несие алды.

2015 жылы шағын тігін шеберханасын ашуға З.Т.Саденова шағын несие алуға өтініш беруді білдірді.

Нұржанова Р. және ағайынды Окей Б. және Окей К. мал шаруашылығын дамытуға несие алды.

Жұмыс берушінің қажеттілігі

## Тендерді қайта өткізу туралы ақпараттық хабарлама

«Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ мемлекеттік мүлікте сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру туралы тендерді қайта өткізетінін хабарлайды..

Тендер өткізу күні: 2015 жылдың 15 мамыр сағат 10.00-де.

Тендер өткізу орны: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Ташенев көшесі, 47.

Тендер нысанның қысқаша сипаттамасы:  
1. Ұзындығы 1,818 км электрбүр жүйесі және КТП-10/0,4 кВт трансформатор, орналасқан мекенжайы: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Жалтырқола ауылы. Кепілдік төлемін төлеу актысы 662 730 (алты жүз алпыс екі мың жеті жүз отыз) теңге. 2. Ұзындығы 1,411 км электрбүр жүйесі және КТП-10/0,4 кВт трансформатор, орналасқан мекенжайы: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Дюбровское. Жеңіс, Достық көшелері. Кепілдік төлемін төлеу актысы 497 790 (төрт жүз тоқсан жеті мың жеті жүз тоқсан) теңге. 3. Ұзындығы 1,845 км электрбүр жүйесі және КТП-10/0,4 кВт трансформатор, орналасқан мекенжайы: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Амангелді көшесі, Жамбыл тұйық көшесі-Әлейников көшесі. Кепілдік төлемін төлеу актысы 689 470 (алты жүз сексен тоғыз мың төрт жүз жетпіс) теңге. 4. Ұзындығы 0,992 км электрбүр жүйесі және КТП-10/0,4 кВт трансформатор, орналасқан мекенжайы: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Писарев көшесі. Кепілдік төлемін төлеу актысы 472 710 (төрт жүз жетпіс екі мың жеті жүз он) теңге. Жоғарыда көрсетілген барлық объектілердің балансуына тиымсыз «Аршалы ауданының тұрғын-үй-коммуналдық шаруашылығы, жолшылар тасымалы және автомобиль жолдары бөлімі». Сенімгерлік басқарушыға қойылатын талаптар: 1) Кәсіпкерлік талапқа не болу, сонымен қатар электр қуатын бөліп тарту және беру бойынша жұмыс тәжірибесі 5 жылдан кем емес болу керек; 2) Сенімді басқару келісім-шарты бойынша міндеттемелерді орындау үшін, соның ішінде Ақмола облысында арнайы техника мен тұрақты өкілдік, қажетті қаржылық, материалды қоры болуы тиіс; 3) Азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасау үшін азаматтық құқық қабілеттігіне не болу; 4) Төлемді қабілеті болу, жоюға қатысу, оның қаржылық-шаруашылық қызметі ҚР заңнамасына сәйкес тоқтатылмауы тиіс. Нысанды сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға шарттары болып сенімді басқарушының келесі міндеттемелерді қабылдау мен орындауы болып табылады: 1) сенімді басқару нысанын пайдалану арқылы электр энергиясын тасыру және үлестіру бойынша қызметті жүзеге асыру; 2) сенімді басқару нысанына жаңа тұтынушыларды қосу; 3) белгіленген тәртіпте реттеуші органмен бекітілген деңгейде электр энергиясын тасыру мен үлестіру бойынша қызмет көрсету тарифтерін қолдану; 4) қолданыстағы мөлшерді сақтау немесе жаңа жұмыс орындарын ашу; 5) нысанды нақты тартып алу, соның ішінде оны келіпте тасыруды тұдыратын кез келген заңды және нақты іс-әрекеттерді жасау; 6) сенімді басқару құрылтайшысына жыл сайын жазбаша түрде мемлекеттік мүлікте сенімді басқару жөніндегі қызмет туралы есеп ұсыну; 7) нысанның сенімгерлік басқаруға беру кезінде туындайтын салықтық міндеттемелерге қатысты сенімгерлік басқару міндеттемелері нысанды сенімгерлік басқаруға беру шарттарын орындау; 8) нысанды тиімді басқаруды жүзеге асыру; 9) нысанды қалыптастыру үшін қаржылай шығын жұмсау; 10) нысанды сараптау және алдын ала сынау жүргізу;

11) нысанның сақталуын қамтамасыз ету. Тендердің шарттары және тендер жеңімпазын таңдау критериялары. Тендерлік комиссия тендерге қатысушылардың ұсыныстары бар конверттерді ашады және жеңімпазды анықтау критерийіне (критерийлеріне) сүйеніп отырып, тендерге қатысушылардың ұсыныстарын қарайды. Тендерлік құжаттамада қамтылған барлық талаптарға жауап беретін, ұсыныстары тендер шарттары бойынша ең үлкен болып табылатын жеке объект үшін ең жоғары бағаны қамтитын қатысушы тендер жеңімпазы деп танылады. Тендерлік комиссияның шешімі оның мүшелерінің қарайымын көпшілігінің дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Дауыстар тең болған кезде, тендерлік комиссия дауыстардың тең сан алған қатысушыларды келіссөзге шақырады және тендерлік комиссияның пікірі бойынша, объектінің жұмысын жақсартуға бағытталған ең жақсы қосымша ұсыныстарды қарауға енгізген тендерге қатысушы жеңімпаз болып табылады. Мынадай жағдайларда, егер: 1) тендерлік комиссия қатысушылардың ұсыныстарын тендер шарттарын қанағаттандырмайды немесе 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейді деп таныса; 2) тіркелген қатысушылардың саны екінші және кейінгі тендерлерді қоспағанда, екеуден кем болса; 3) тендер жеңімпазы тендердің нәтижелері туралы хаттамға қол қоюдан бас тартса, тендер өткізілмейді деп танылады. Тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін мыналарды: 1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 ақпандағы №46 қаулысымен бекітілген мемлекеттік мүлікте сенімгерлік басқаруға беру Қағидаларының (әрі қарай Қағидалар) 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша тендерге қатысушы деп тендер жеңімпазы деп жарияланған жағдайда, оның жазбаша, ақпараттық хабарламада көрсетілген және тендерге қатысушының өзі ұсыныған тендер талаптарында шарт жасау міндеттемесін білдіретін тендерге қатысуға өтінімін; 2) басқа құжаттардан бөлек жеңімпаз екенін көрсететін тендерге байланысты құжаттаманы қоса бере отырып, жазбаша түрде тендер шарттары бойынша ұсыныстарды; 3) тендер жарияланған күннен кейін берілген анықтаманы берген күннің алдындағы үш айдан астам созылатын тендерге қатысушы міндеттемелерінің барлық түрлері бойынша банк (банк филиалы) алдында мерзімі өткен берешектің жоқ екендігі туралы банктің (банк филиалының) қол қойылған және мөр басылған (электронды цифрлық қолтаңба) анықтамасының түпнұсқасы. Егер әлеуетті қатысушы екінші деңгейде бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетел банкінің клиенті болып табылған жағдайда, осындай банкілердің әрқайсысының анықтамасын ұсынады; 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында міндетті аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылдығында аудиторлық есебін; 5) салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесін немесе көрсетілген құжаттың нотари-

ат қуаландырған көшірмесін не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы; 6) жарғының нотариал қуаландырып көшірмесін немесе салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып, жарғы көшірмесін ұсынады. Шетелдік заңды тұлғалар құрылтай құжаттарын мемлекеттік және орыс тілдерінде нотариал қуаландырып аудармасымен ұсынады; 7) тендер жарияланған күннен кейін берілген, үш ай бұрын салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары менәлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің жоқ екені туралы (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда) тиісті салық органының қол қойылған және мөр (электронды цифрлық қолтаңбасы) бар анықтамасының түпнұсқасы немесе электронды көшірмесін; 8) мемлекеттік мүлікте сенімгерлік басқару құрылтайшысының депозиттік шотына кепілдік жарнаны аудару туралы төле тапсырмасының немесе түбегіретін (жеке тұлға үшін) түпнұсқасы; 9) тендерге әлеуетті қатысушы өкілінің, оның ішінде осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес кепілдік жарнаны енгізген өкілдің өкілеттігін қуаландыратын құжатты (жеке куәлікті, паспортты (шетелдік азаматтар үшін) немесе ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәлікті ұсынып жағдайда жарамды); 10) әлеуетті қатысушының ақпараттық хабарламаларда көрсетілген сенімгерлік басқаруға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсыну қажет. Жеке тұлға болып табылатын тендерге әлеуетті қатысушы осы Қағидалардың 25-тармағының 1), 2), 8), 10) тармақшаларында көзделген құжаттарды, сондай-ақ: 1) жеке куәліктің, паспорттың (шетелдік азаматтар үшін) немесе ішкі істер органдары берген уақытша жеке куәліктің көшірмесін; 2) кәсіпкерлік қызметтің заңды тұлға құрмастан жүзеге асыруға құқық беретін тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесін (дара кәсіпкер үшін) ұсынады. Өтінімдер қабылдау және тендерге қатысуға ниет білдірген тұлғаларды тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы бар болған кезде жүргізіледі. Мыналар: 1) Қазақстан Республикасының заңдарына немесе құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы тендердің шарты болып табылатын қызмет түрлерімен айналысуға мүмкіндігі жоқ заңды тұлға; 2) сенімгерлік басқаруға шарт жасау және оны орындау жөніндегі тиісті міндеттемелерді орындамаған алдыңғы тендерлердің жеңімпазы тендерге қатысушы болып табылмайды. Кепілдік жарнаны аудару мен төлеу үшін банк реквизиттері: алушы «Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімі», ММ коды 4590268, БСН 110140002983, БСК ККМФКЗ2А, ЖСК КЗ100705034590268001, Астана қаласының «ҚР ҚМ қазынашылық Комитеті» ММ, Көбе 12, ТТК 851. Өтінімдерді қабылдау және тендердің қатысушыларын тіркеу 2015 жылдың 14 мамырында сағат 10.00-де аяқталады. Анықтам алу үшін мына мекенжай бойынша хабарласыңыз: Ақмола облысы, Аршалы ауданы, Аршалы кенті, Ташенев көшесі, 47, тел: 8 (71644) 21365.



# ҚАЙСАР ӘКЕ ЖОЛЫ



**Паңұлы Смағұл Тарақты руынан 1908 жылы Ақмола облысы, Есіл ауданы, Еркіндік ауылында дүниеге келген. Өзінің бүкіл ғұмырын Кеңес құрылысшысы (1930 жылдың 17 ақпанында толтырылған еңбек кітапшасында осылай жазылған) мамандығымен партия-совет органдарында қызмет атқарған.**

жеткізіп беретін. Соғыс жағдайын, ауданның жаңалықтарын, халықтың қал қуаты жөнінде хабарландыратын. Жұбайы Зәбира жеңгіміз Сот жүйесінде қызмет істеді, хатшы болып, содан кейін сот орындаушысы болып – білікті заңгер қызметін атқарды. Уақыт өтіп жатыр – тың дәуірі келді – 1954 жылы Есіл ауданында 41 жаңадан совхоз орнап, Үкімет пен партияның қаулысын орындауда Смағұл ағайдың орны зор, үлесі үлкен болды. 1955 жылы Есіл ауданы – 3-ке бөлініп, біз Қима ауданы болып қалдық. Сол жылдары Смағұл ағайды білікті, тәжірибелі маман ретінде райисполкомға бөлім бастығы қылып ауыстырды. Райисполкомде де көп жұмыстар атқарып ауыл, селолық кеңестің хатшыларымен, бастықтармен ұйымдастыру жұмыстары, т.б. өздерінің міндеттері жөнінде ақыл кеңесін беріп жүрді. Исполкомда, сессияда, жиналыстарда аудандық сәулет кемшіліктерге тоқтап, алдағы қатардағы жұмыстарға, істерге тоқталып айтып жүрді. Бұл жылдары мен аудандық банктің бөлімше бастығы едім. Ағаймен күнде болмаса да жетісіне екі-үш рет кездесіп тұратынбыз. Партия, Советтер аппаратында өлшеусіз қызмет атқарып еңбек, соғыс ардагері деген атқа ие болып 1968 жылы зейнеткерлікке шықты. Зейнетке шыққаннан кейін қарап отырған жоқ. Дініміз, тілімізді алып, тәуелсіздік, егемендік алғаннан кейін халық арасында Ислам діні жөнінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп халықтың құрметіне бөленді, рахметін алды. Еске алу жағдайын аяқтай келе айтайын дегенім марқұм Смағұл Пан баласы алдынан жарылқасын, иманды болсын, топырағы торқа болсын, жаны жанатта, жұмақта болсын, артында қалған балаларына, немере-шөбере ұрпақтарына жақсылық, ұзақ өмір, шаттық көңіл, қуаныш, бірлік, ынтымақ берсін, бата қабыл, тілек дұрыс болсын. Аумин. 2008 жылғы қаңтар айы. Өкінішке орай, қай жерде, қай соғыста, қай әскер басшысының басшылығымен қай армияда соғысқандығы туралы құжаттар қалмаған. Тек қана өзінің өмірбаянында жазылған: Солтүстік-Батыс фронты, 1082-ші атқыш дивизиясы, пулемет бөлімшесінің командирі. Жауынгерлік, бастамашылық және батыл іс-қимылы, сондай-ақ неміс басқыншылығына қарсы соғыста батырлығы, ерлігі үшін жауынгерлік ордендер мен медальдармен: «І дәрежелі Отан соғысы», «Жауынгерлік ерлігі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерен еңбегі үшін» және КСРО Қарулы Күштерінің 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңісінің барлық мерейтойлық медальдарымен марапатталған. Әскери госпитальде емделіп, соғыста алған жаракаттан ІІІ топтағы мүгедек болғандықтан, 1942 жылдың ақпанында үйге келді. Осы уақыттан бастап 1952 жылдың 15 наурызға дейін Қазақстан Коммунистік партиясының Есіл аудандық комитетінің партия кабинетінің меңгерушісі, ұйымдастыру-нұсқаушылық бөлімінің меңгерушісі кейін КР ҚКП Есіл аудандық үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болды. Тың және тынайған жерлерді игеру кезінде 1952 жылдың 15 наурызында партия әкемді Баранкөл қой совхозының партия ұйымының хатшысы қызметіне жіберді. Әлі есімде 1954 жылдың көктемінде (менің жасым 11-де Баранкөл орта мектебін 4 сыныбында оқымын) совхозға Ресей, Украина, Белоруссия және Кеңес Одағының барлық аумақтарынан алғашқы тың игерушілер келді. Оларды тракторға тіркелген ағаш тіркемелермен әкеліп, қоныстандырды. Ол кезде әлі қар жатса да, наурыз айының жылына бастаған кезі. Оларды эшелонмен Есіл станциясына әкелетін. Нәтижесінде Есіл станциясын тың қақпасы деп атап кетті. Панов Смағұл бастап, совхоздың директоры Әбен Уайысұлы, тағы совхоздың бас мамандары бір-бір механизматорларды үйлеріне паналатып алды. Ол үйде Натаров Петро деген тракторист отбасы мүшесі ретінде тұрды. Олармен бірге тамақ ішетін, Зәбира жұбайы оның кірін жуатын, ақ тосекте, төрті бөлмеде жататын. Қатал және қызба болғанмен соғысқа дейінгі барлық коммунистер сияқты адал және әділ еді. 1968 жылы құрметті демалыс зейнеткерлікке Жақсы аудандық еңбекші депутаттар Кеңесінің атқарушы комитетінің ұйымдастырушылық-инспекторлық бөлімінің меңгерушісі болып жүргенде шықты. Ия, өткен күнде белгі бар, әрине... Сол өткен күннің белгісіндей ерке өзен Есіл де өз ағысынан бір тынар емес, бәрі де бөз-баяғыдай. «Елдің ірені кетті, жердің сүрені кетті» – деген екен Ақан сері бабамыз осыдан бір ғасыр бұрын. Рас-ау. Тегін айтылмаған

асыл сөз. Осы біздің әңгіме еткелі отыған көлденең Есіл табаны “түгін тартса, майы шығар” шұрайлы жер еді. Тіпті, Асан қайғы бабамыз ат басын бұрып, “алты күнде ат семіртін мінетін жер екен” деп, қимай қоштасыпты еліміз. Елім жерімен де, ерлерімен де әйгіл еді. Қол бастайтын батыр да, жол бастайтын көсем, кеменгер де, сөз бастайтын ақын-шешен де, үлгілі би, үнемді жорға, жауырыны жерге тимеген балуан да шыққан жер еді бұл көлденең Есіл! Алмассың қалай ғана ерді есіне, Егін шықты, мал орді жер төсіне. Жастар келді құлшынып ортамызға, Орден тақты ерлерім кеудесіне! – бұл бір шумак олеңі және дәуірдегі, яғни, Кеңес Одағы кезіндегі жаңа өмір құрылысының социалистік еңбек озаттарына деген көңілдің ықыласы. Ия, тарих сатысында бұл кісілердің алатын өздерінің лайықты орындары бар. Бүкіл Есіл бойына ендітеп үңілмей-ақ, аралары берісі қозы көш, арысы тай шаптырым қаздай қатар орналасқан Тайпақ, Қима, Еркіндік, Кіндікті ауылдарынан қаншама ер-азамат шықты десеніңізші? Жеті-ақ сыныптық біліммен аудандық атқару комитетінің төрағасы, кейін Торғай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары болған Ыдырыс Смағұлов, “Сталин туы” газетінің (бүгінгі “Арқа ажары”) тілшісі Ысқақ Қосшығұлов, партия саласының ардагерлері Талғат Жәкежанов пен милиция полковнигі Кенжеш Түктібаев, банк саласының үздігі Нұралы Оразбеков, Социалистік Еңбек Ері Бірлі Нұртзатин, соғыс ардагері, құрметті ұстаз Ғұбайдолла (Құби) Абдрахманұлы, ауыл шаруашылығы өндірісінің тамаша ұйымдастырушысы, ширек ғасыр бойы үлгілі кеңшар директоры болған Сұлтан Насыров... Бәрі де осы өлкенің тумалары. Бұл тек жөппелдене де ауызға түскендері. Аталмай қалғандары қаншама. Міне, осылардың бәріне дерлік ақылшы аға, қамқоршы пана, тірек болар жаға еді еліміздің абыз қариясы Смағұл Паңұлы. Ардагер карт көзі тірі болса, бұл күндері ғасыр тойын атаушы едік бәріміз. Өткен күнде белгі бар, әрине... Сол абзал ата-баба, қадірменді ағалардың ата-жұрты, елдік пен ерліктің белгісі бүгіндері көп жағдайда қанырап бос қалды. Кейбір ауылдардың, тіпті, аты да өшті. Бұған кім кінәлі? “Елу жылда ел жаңа” деп сылтаулатып, бәрін нарық қыспағына жапсақтап, оған осы біздің ұрпақ кінәлі. Жә, бұл басқа әңгіменің өзегі. Ал, осы біз әңгімелеп отырған ер-азаматтар туған елдің жер-суын қимай, қандай да болмасын жоғары лауазымға қызықпай, қолайлы тұрмыс іздемей, барды қанағат тұтып, туған жерде түгін түтетіп, соны ел қатарына қосамыз деп, бел шешпей еңбек етті. Үлгі боларлық өнеге. Өткен күнде белгі бар деуіміз де осыдан болар, шамасы... Зейнеткерлікке сол уақыттың өлшеммен алғанда салтанатты жиын өткізіп, құрметпен шығарып салғаннан кейін, сақал-мұртын өсіріп, құран оқумен айналысты. Сол уақытта біз оның XX ғасырдың 20-шы жылдары араб тілінде оқытатын бастауыш діни мектепті бітіргенін білмеген едік. 45 жыл өткеннен кейін ол құранның барлық сүрелерін есіне түсіріп, 5 мезгіл намаз оқып, мұсылмандықтың барлық парызын орындауға тірісті. Оның арнаулы білімі, қазіргі уақытпен айтар болсақ лицензиясы болмаса да, халық оны молда деп таныды. 1977 жылы Тасты-Талды ауылына көшіп барғанда ол өзінің білімімен жұртшылықты тәнті етіп, халықтың ерекше құрметіне ие болды. Әкемді адам қайтыс болғанда жерлеуге, жетісі, қырқы, жылына және барлық мұсылмандық мейрамдарға халық болып шақыратын. Бір жағынан әкем аудандық партия басшыларының тарапынан жасырын қуғынға ұшырады, атап айтсаң Қазақстан Республикасы Коммунистік партиясының Атбасар аудандық комитетінің 2-ші хатшысы Василенко әкеме 1987 жылы «СОКП қатарында 50 жыл» белгісін тапсыруға қарсы шықты. Ол молла (бродячий мулла) деп бұл құрметті белгіні тауға оның қақысы жоқ деп есептеді, бірақ ол барлық саналы ғұмырын халыққа, Отанына қызмет етуге арнады. Ол СОКП мүшелігіне 1937 жылы қабылданды және өзін өлгенінше, 1989 жылдың 29-шы қазанына дейін, яғни 50 жылдан астам бойы коммунистің деп есептеді. Жұбайы – Әсенқызы Зәбира 1916 жылы Ақмола облысы, Есіл ауданы, Еркіндік ауылында дүниеге келген. 1936 жылдан 1943 жылдың ақпан айына дейін прокуратурада іс жүргізуші, 1949 жылдың шілдесінен 1952 жылдың сәуір айына дейін Есіл аудандық халық сотының хатшысы болып жұмыс істеп, 1952 жылғы мамыр айынан 1954 жылғы желтоқсан айына дейін Державинск ауданының «Баранкөл» совхозында есепші болып қызмет істеді. 1957 жылдан 1971 жылдың желтоқсанында

зейнетке шыққанға дейін Целиноград (Ақмола) облысы Қима Сельпосының және Жақсы аудандық тұтыну одағының дүкендерінде сатушы болып жұмыс істеген. Жалғыз ұлы – Пан Төлеген Смағұлұлы 1943 жылдың 13 наурызында Ақмола облысы, Қима ауылында қызметкерлер отбасында дүниеге келген. 1951 жылы Ақмола облысы Запорожье ауылындағы орта мектепке І сыныпқа оқуға барып, Ақмола облысындағы Жақсы орта мектебін 1961 жылы бітірді. Екі жоғарғы білімі бар. Бірінші жоғарғы білімді Қарағанды мемлекеттік университетінің «Қаржы және несие» мамандығы бойынша 1978 жылы бітіріп, «экономист» біліктілігі тағайындалды. Екінші жоғарғы білімді 1987 жылы Москва қаржы институтының қаржы-несие органдарының бақылау-ревизия және экономика жұмыстары бойынша жоғары білікті мамандық бойынша аяқтады. Өзінің банктік біліктілігін әрбір 5 жыл сайын Алматы қаласында міндетті республикалық курстарда, сонымен қатар, 1993 жылы Германия Федеративтік Республикасының Нижней Саксониядағы неміс менеджмент академиясында біліктілігін көтерген. Еңбек жолын 1961 жылдың шілде айында Жақсы аудандық еңбекші депутат Кеңесінің атқарушы комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушылығынан бастады. 1963 жылдың 31-ші қазанынан 1966 жылдың тамызы аралығында Кеңес Армиясы қатарына шақырылып, Белорус әскери округіндегі Слоним қаласында гвардия сержанты атағында, старшина лауазымында телефон станциясы бастығы болып жұмыс атқарды. 1966 жылдың 1-ші қыркүйегінен 1967 жылдың желтоқсанына дейін Целиноград ауылшаруашылық институтында оқыды. Отбасы жағдайына байланысты күндізгі бөлімде оқу мүмкін болмағандықтан, жұмысқа тұрдым. 1968 жылдың қаңтарында Мемлекеттік банктің Жақсы бөлімшесіне несие инспекторы жұмысына шақырылды. Банк саласындағы алғашқы мұғалімі және тәлімгері КСРО Мемлекеттік Банкінің үздігі, банк жүйесінің ардагері, 40 жыл Мемлекеттік банкте жұмыс атқарған, соның ішінде 30 жыл аудандық банк бөлімшесін басқарған Оразбеков Нұралы Оразбекұлы болды. Ол Қазақстанның төрт облысындағы әртүрлі дәрежедегі мемлекеттік банктердің жауапты және басқарушы лауазымдарында қызмет атқарып жүрген көптеген қызметкерлерді тәрбиелеп шығарды. Несие инспекторы лауазымынан Жақсы поселкесінің банк бөлімшесінің басқарушысының орынбасарына дейін көтерілгеннен кейін, өзінің ең басты тәлімгері Торғай облыстық Мемлекеттік банкі кеңсесінің басқарушысы Ютиш Вячеслав Михайловичтің ұсынысымен 1977 жылдың маусымында ұжымы кішкентай бір қабатты саман үйде орналасқан Мемлекеттік банктің Тасты-Талды бөлімшесінің басқарушысы лауазымында қызмет істеді. В.М.Ютиштің нұсқауы бойынша және оның тікелей көмегімен 10 айдың ішінде жаңа екі қабатты қазіргі заман талабына сай банк ғимаратын салды. Осындай банктер В.М.Ютиштің тікелей қатысуымен облыстың барлық аудан орталықтарында салынды. Тағы бір айта кететін жағдай, банк басшылығы тұрғын үй құрылысын басты назарға алып, 1983 жылға дейін 5 жыл ішінде өздерінің қызметкерлерін толығымен тұрғын үймен қамтамасыз етті. Кезінде Жаңадала аудандық халық депутаттары Кеңесінің атқарушы комитетінің төрағасы З.К.Кенжеғалиев Тасты-Талды поселкесінің тұрғындары үй сұрап барғандарында «Пановқа барыңдар, ол сіздерді тұрғын үймен қамтамасыз етеді» деп жайдан-жай айтаған. Расында да солай болған, ол кезде тұрғын үй құрылысының өркендегені сондай, банк басшылығы қурылға барып, тұрғын үй кезегінде тұрған тұрғындарды банкке еден жуушы ретінде жұмысқа қабылдап, үй алғаннан кейін оларды басқа мекемелер мен ұйымдарға жұмысқа ауыстырып, орнына аудан орталығындағы үй кезегінде тұрған адамдарды алып отырған. Несие және касса жоспарларын және жұртшылықтың қаражатын жинақтаушы қассаға тарту жоспарын орындау, несие-есеп айырысу, есеп-операциялық, эмиссиялық-кассалық, ревизия жұмыстары, инкассация және құндылықтарды тасымалдау бойынша жұмыстарды, экономикалық жұмыс деңгейінің көтеру және есептеу жұмыстарына механизацияны кең қолдану, есепке алу мен есеп беруді ұйымдастыруды және іс жүргізу үлгісін жасқарту, банк ісіне кадрлар дайындау мен тәрбиелеуде атқарылған жұмыстар мен олардың біліктілігін көтеруде және жұмыста дұрыс пайдалануда жоғарғы көрсеткіштерге қол жеткізгендігі үшін 1980 жылдың тамыз айында «Мемлекеттік банк үздігі» кеуде белгісімен марапатталды. 1985 жылдың тамызында КСРО Мемлекеттік банкінің Қазақ Республикасы кеңсесі Төлеген Смағұлұлын Мемлекеттік банктің Целиноград облысындағы ең ірі Атбасар аудандық бөлімшесіне басқарушы қызметіне ауыстырды. Басқа аудандармен салыстырғанда халқының саны мен өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өнімдерін өндіру көлемі бойынша Атбасар ауданы 3 есе жоғары болды. Ол бұл өзгерісті қуана қабылдады, өйткені Жаңадала ауданында өзін тоқырап қалғандай сезінетін, өйткені әлі бойында іске аспаған күш, тілек пен мүмкіндіктердің көп екендігіне кәміл сенетін. Сондықтан туған Ақмола (Целиноград) облысының ірі аудандарының біріне жұмысқа сұранды. Мемлекеттік банктің Атбасар бөлімшесіндегі жұмысының алғашқы айларын екі қабатты ғимаратты күрделі жөндеу мен қалпына келтіру жұмыстарына арнады. Қазіргі заман талабына сай етіп бухгалтерлік, қойма, касса тораптары мен құндылықтарды сақтау бөлмелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізіп, ескі жиназдардың орнына жаңа, әдемі жиназдармен жабықтады. Құндылықтарды тасымалдайтын 2 жүк және 2 жеңіл автокөліктерге жылу жүйесі бар қосымша жаңа ғарақтар салынды. Өткен ғасырдың 90-шы жылдарының басында банк қорының есебінен банк қызметкерлерінің барлығының үйі болса да, банкте 15-20 жыл жұмыс істеген бас мамандар мен бөлім басшыларына 2 деңгейлі коттедж салуды қолға алды. Өздерінің үйлерін балаларының атына түсіруді немесе сыйлауды ұсынды. Сонымен қатар, банкте кадр мәселесі дұрыс жолға қойды. 1993 жылдың сәуір айының басында Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік банкінің Көкшетау облыстық басқармасының бастығы Оспанов Асылхан Зейноллаұлының ұсынысы және қолдауымен Көкшетау облыстық Қазақагроөнеркәсіпбанкі басқарма төрағасының орынбасары болып, ал 14-ші желтоқсаннан бастап «Игілікбанк» АҚ Көкшетау облыстық филиалының директорылығына тағайындалып, 1995 жылдың соңына дейін табысты еңбек етті. Содан кейін «Қазпоштабанк» АООТ Ақмола облыстық филиалында 2001 жылы таратылғанша директор лауазымында қызмет атқарды. 2002 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақмола филиалында жауапты қызмет атқарып жүр. Келіні – Панова Фатима Әшкейқызы 1947 жылы Жамбыл облысының Ақкөл ауылында дүниеге келген. Орта мектепті Қарағанды қаласында алтын медальмен, ал Қазақ Мемлекеттік университетінің химия факультетін «Химик-инженер» мамандығы бойынша үздік бітірген. Бірақ, ол ұстаздық жолға түскен. 30 жылдан астам ұстаздық еткен, оның ішінде Торғай облысы Жаңадала ауданының Тасты-Талды ауылында, Ақмола облысының Атбасар және Көкшетау қалаларының орта мектептерінде жоғары сыныптарға химия пәнінен сабақ беріп, 25 жылдан астам оқу бөлімінің меңгерушілігін атқарып келді. Төлеген Смағұлұлының барлық еңбек жолында күнделікті тұрмысқа алаңамдай жұмыс істеуі үшін барлық жағдайды жасауды, балаларды тәрбиелеуді, демалуы, отбасындағы барлық ауыртпалықтарды шешуді сабырлы әрі биызы, ақылды және адамгершілігі мол, сүйікті әйелі Фатима Әшкейқызы өз мойнына алды. Ата-аналарының көмегімен және балаларды тәрбиелеуге тікелей қатысуымен Төлеген мен Фатима бес бала тәрбиелеп өсірді. Олардың барлығы жоғары білім алды. Бағдат 1969 жылы туған, Алматы халықшаруашылық институтын бітірген, Қостанай қаласындағы үлкен фирмادا аудитор болып жұмыс істеді, Валентина келіншегі – бизнесмен айналысады. Самат 1974 жылы туған, Қарағанды мемлекет университетін бітіргеннен кейін АҚШ университетінде, Сан-Франциско (Калифорния штаты) қаласында 2 жылдық оқуын бітіріп, Астанадағы «Астана-Финанс» деген корпорацияда жоғары лауазымдық қызмет атқарады, оның келіншегі Кристина ата-енесінің немерелерін бағып отыр. Балалардың барлығы әкелерінің ізмен «Қаржы және несие» мамандығы бойынша экономистер, банк саласында жұмыс істеген. Жангелді 1977 жылы туған, еңбеккер, үлгілі болып өсіп, орта мектепті алтын медалмен бітірді. Анасының жолын қуып Қарағанды Мемлекеттік университетінің химия факультетін «Қолданбалы экология» мамандығы бойынша көгілдір дипломмен бітірді. Алайда, ол дипломнан алған күннің ертеңіне Ақмола облысы, Атбасар қаласында 2002 жылғы 15 шілде күні қылмыскерлердің қолынан қаза тапты. Оны Қазақстан Республикасының Экология және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне бас маман лауазымына шақырып қойған болатын. Ата-анамыздың алты шөберелері бар, Самат пен Әсемнен – Азамат, Айя, Алишер. Жанат пен Әлиядан – Жангелді, Тарлан. Амангелды мен Кристинадан – Әмір.

**Т. ПАҢ,  
с. Ижев**

Осынышама ұлан-байтақ жұмыстар партияның басшылығының арқасында, оның қызметкерлері Смағұл ағай сияқты азаматтар күн-түн демей, уақытпен санаспай – партияның ұранын алға қойып мақсаттарды орындап жүрді. Смағұл ағай өте қамқоршы, жақсылығын айтайын. Мысалы, Қимада үйі болды, соның бір бөлмесін – бізге, жеңгіміз екеуімізге берді. Еш қандай ақы, ештеме алған жоқ. Сол жылдары мен 14-15 жас шамасындамын. Смағұл ағай демалыс күндері, жұмыстан кейін мені жанына ертіп алып Еркіндікке, Тайпақ, Сталин колхозы және Ворошилов атындағы колхозға, Есіл совхозына, Запорожье, Ленин колхоздарына баратынбыз. Барғанда колхозшылармен, жұмыскерлермен кездесіп, көп мәселелер жөнінде халыққа айтып –



